

*Дарынды оқушыларды
анықтау және қолдау
жұмыстары*






Дарынды оқушылармен жұмыс

МАҚСАТЫ

Жас таланттарды мектеп
қабырғасынан
ғылымға қызықтырып, олардың
танымдық көзқарастарын
қалыптастыру, дарынды тұлғаның
дамуына, қалыптасуына
психологиялық ықпал жасау



Психологиялық диагностиканың міндеттері:



Күтілетін нәтиже:

- Жоғары білім деңгейін, жалпы оқу дағдысы мен қабілеттерін көрсететін, саналы және мақсатты танымдылық сұранысқа ие, зерттеліп отырған мәселенің артықшылығы мен маңыздылық дәрежесін саралай алатын, жаңалықты ашуға тұрақты мақсаттылық танытатын, икемді, ілеспелі, шығармашылық ой-өріске ие, зерттеушілік іс-әрекет әдістерін игерген тұлға.
- Жеке жұмыс стилі, ерекше ойлау, пайымдау, бастамашылдық, жұмыс істеу шеберлігі, жауапкершілік және өз бетімен жұмыс істеудің жоғары деңгейлерін танытатын, жоғары белсенділік, тосын ойға, сапалы орындалған жұмысқа қанағаттанатын, танымдық қызығушылық танытатын, байқампаз, жадыдан алынған ақпаратты оңай үйлестіретін, ойлауда еркін, өз-өзіне сенімді, жоғары ынталанған, тамаша есте сақтау қабілетіне, мол күш-жігер мен рефлекске ие жеке тұлға.



Диагностикалық

Кеңестік

Дамытушылық

**Психологиялық ағарту мен
білім беру**

Экспертиза



**Психологиялық-педагогикалық
бағыттаудың жолдары**







“Дарындылық
термині “дарын”
сөзінен шыққан,
дамудың
ерекше қолайлы ішкі
алғы шартты дегенді
білдіреді.

Дарындылық - іс-
әрекеттің белгілі бір
саласында ерекше
жетіс-
тікке жетуге жағдай
жасайтын, адам
қабілетінің дамуының
жоғарғы дәрежесі”





Дарынды бала -



*белгілі бір іс-әрекет түрінде
жарқын, нақты және өте
жоғары жетістікке жетіп
жүрген баланы атаймыз.*



дарындылық ТИПОЛОГИЯСЫ:

- Интеллектуалдық дарындылық;
- Академиялық дарындылық;
- Көркемдік дарындылық;
- Шығармашылық дарындылық;
- Лидерлік немесе әлеуметтік дарындылық;
- Спорттық дарындылық



**Дарындылық типологиясын түсіну
- мұғалімнің дарынды
оқушылармен жұмыс істеудің
негізгі алғашқы қадамы болып
табылады.**



Дарындылықты анықтайтын жүйелі түрдегі бақылаудың сұрақтары

Мұғалім _____

Оқушы _____

Инициативасы	Міндеттерін, берілген тапсырманы жақсы орындайды, оптимист, өзіне және өз ісіне сын көзбен қарай алады, іс-әрекет нәтижесін жақсартуға тырысады.	1 2 3 4 5
Тәуекелділігі	Тәуекелге жиі барады, өте батыл	1 2 3 4 5
Білгіштігі	Болған оқиғаның мағынасын, болмысын, қағидаларын білуге ұмтылады, көп сұрақтар қояды.	1 2 3 4 5
Креативтілігі	Ойлау қабілетінің жоғарғы сатысын көрсетеді, жанжақты, өз пікірін білдірген кезде алғырлығын танытады.	1 2 3 4 5
Тәуелсізділігі	Өз бетімен жұмыс жасауды ұнатады, мінез-қылығында ешкімге тәуелді емес.	1 2 3 4 5
Жауапкершілігі	Ауызша және жазбаша берген нұсқауларға үлкен зейінмен қарайды, бастаған ісін аяғына дейін орындайды.	1 2 3 4 5
Жалпы қабілеттілігі	Есте сақтау қабілеті жақсы, зейіні тұрақты, терең түсінуге және қорытынды жасауға қабілетті.	1 2 3 4 5
Өз ойын айта білетіндігі	Көптеген ойын-сауықтарда өзін-өзі көрсете алады, өз ойын жеңіл жеткізе алады, қарым-қатынасқа ашық, айналадағылар оны еркін қабылдайды	1 2 3 4 5
	Қорытынды	




Математика пәнінен диагностикалық сұрақтар

Мұғалім _____

Оқушы _____



Материалды толық түсінеді, қатынастарды қорытындылайды, байланыстарды табады.	1 2 3 4 5
Материалмен танысқанда қызығушылықты, табандылықты және жоғары мотивацияны білдіреді	1 2 3 4 5
Берілген есептің орындау шарттарын білу үшін тұрақты зейінмен танысады, альтернативалық шығару нұсқауларын да қарастырады.	1 2 3 4 5
Анықтамаларды және есепті шешу шарттарын математикалық терминдерді пайдалану арқылы сөзбен жақсы жеткізеді	1 2 3 4 5
Есеп шығару кезінде өз жауабын анализден жақсы өткізеді	1 2 3 4 5
Абстрактілік түсініктерді жақсы меңгерген	1 2 3 4 5
Образдық математикалық шешім шығаруға қабілеті жоғары.	1 2 3 4 5
Есеп шығару барысында басқа пәндерден алған білімдерді тиімді қолдана алады, сөздік материалдарды және қосымша әдебиеттерді қолданады	1 2 3 4 5
Берілген тапсырмаларды тез орындап, қосымша тапсырманы орындайды	1 2 3 4 5
Қиындық жоғары тапсырмаларды өз бетімен білуге қабілеті бар	1 2 3 4 5
Қорытынды	



Танымдық іс-әрекеттің шығармашылық ерекшелігі

Мұғалім _____

Оқушы _____

Мінездеме	Төмен	Орташадан төмен	Орташа	Жақсы	Өте жоғары
Лингвистикалық қабілеттер					
Интеллекттің жалпы деңгейі					
Ойлау ұшқырлығы					
Қиялы					
Есте сақтауы					
Зейіні					
Мәселені шешуі					



шектен шығатын жағдайлардан сақ болу керек:

- Балаға ерекше құқығы бар тұлға ретінде қараудан және аса көтермелеуден:
- «Жұлдыз сезімімен» қарсы күрес барысында интеллектуалдық жетістіктерін жоққа шығарудан және құрдастары арасында артықшылығын төмендетуден.



Тындағандарыңызға рахмет!



